

М.Т. Набиева, А. Ерсұлтанқызы

ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІНІҢ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

СОЦИАЛЬНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ И ВАЖНОСТЬ ЖЕНСКОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В ОБЩЕСТВЕ SOCIAL RESPONSIBILITY AND THE IMPORTANCE OF WOMEN'S ENTREPRENEURSHIP IN SOCIETY

Женщина в бизнесе – не исключение, а закономерность развития предпринимательства в Казахстане. За последние годы доля женщин в бизнесе возрастает быстрыми темпами. Гендерные стереотипы при рассмотрении возможности занятия женщинами лидирующих позиций в управлении предприятием достаточно сильны, однако, условия рынка привели к их смягчению. А также женщины, занимающие лидирующие позиции в фирмах, за последние год неуклонно растут. Появились истинно «женские» отрасли предпринимательства (розничная торговля, сфера услуг и др.), в которых доля женщин-руководителей значительно опережает мужчин.

Ключевые слова: женщины в предпринимательстве, государственная политика, предприниматели.

Woman in business – not the exception but the pattern of development of entrepreneurship in Kazakhstan. In recent years, the proportion of women in business is increasing rapidly. Gender stereotypes consider women leadership in the management of the enterprise is strong enough. Business lady has a number of the essential psychophysiological advantages before the male businessman allowing to build more effectively strategy and tactics of business in separate branches of Commerce, as in some business sectors, women naturally occupy a leading position compared with men.

Keywords: women in business, public policy, entrepreneurs.

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Қазіргі таңда әйелдер саясатта, бизнесте, экономиканың барлық салаларында ер азаматтармен қатар кеңбектеніп, қабілет дарынымен, іскерлігімен көзге түсіп қана қоймай, мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосуда. «Әйелдер – отбасы тірегі, яғни – мемлекет тірегі. Біздің еліміздің болашағы біздің бүгінгі баланы тәрбиелеуімізге тікелей байланысты» деп Елбасымыз айтқандай, бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен аналармыз қоғамды елестету мүмкін емес [1]. Жалпы әйел заты қазақ қоғамы үшін қазақ мемлекеті үшін қашанда ардақты саналған. Нарықтық экономикасы дамыған елдердің өзінде шағын кәсіпкерлік халық шаруашылығының дамуына әйелдер кәсіпкерлігі, әлеуметтік мәселелерді шешуге, жұмыспен қамтылған қызметкерлер санын арттыруға едәуір әсерін тигізеді. Жекелеген елдерде шағын кәсіпкерлік субъектілері өздері өндірген тауар және оны сату көлемі, атқарған жұмысы мен көрсеткен қызметі, жұмыспен қамтылған адамдар саны жағынан алдыңғы рөлде.

Шағын кәсіпкерлікті дамытудың шетелдік және отандық тәжірибелерінің негізгі басымдықтары келесідей болып табылады: шаруашылық жүргізудің жергілікті жағдайларына жылдам дағдылану; шағын кәсіпкерлік субъектілері іс-әрекеттерінің тәуелсіздігі; шешімдердің қабылдану мен орындалудағы шұғылдығы мен икемділігі; шығындардың кемдігі, көп жағдайда нақты бір тұтынушылардың тапсырысымен тауарлар өндіреді, ірі кәсіпорындарға қарағанда көптеген адамдарға қажетті қаражаттар бере отырып, кәсіби жұмысшылар даярлауға және тәжірибелік білімдерді таратуға септігін тигізеді. Жекелеген елдерде шағын және орта кәсіпорындар ірі кәсіпорындармен салыстырғанда сан жағынан да, сондай-ақ тауар өндірудегі, жұмыс атқарудағы, қызмет көрсетуіндегі үлес салмағы жағынан да басым орынға ие.

Сонымен қатар, шағын кәсіпкерлікке кейбір кемшіліктер де тән, олардың арасында ең елеулілерін атап өту қажет: ықтимал тәуекелдің көптігі, соның салдарынан рыноктағы жағдайдың тұрақсыздығы дәрежесінің жоғары болуы; ірі компанияларға тәуелділігі; жұмысты басқарудағы кемшіліктері; басшылардың жетік біле бермеуі; шаруашылық жүргізу шарттарының өзгеруіне жоғары сезімталдығы; қосымша қаржыларды тартудағы және несиелерді алудағы қиындықтар; шаруашылық жүргізуші әріптестердің келісімдерді (шарттарды) түзгендегі сенімсіздігі және сақтығы болып табылады. Жалпы, әйелдердің арқасында елдегі компанияларының 30 пайызы ашылып, Ал ЖІӨ-ге түсірілген қаражаты жалпы кірістің 40 пайызын құрайды. Дегенмен, мемлекеттік қызметтегі басшы әйелдердің пайыздық көрсеткіші әлі де болса төмен күйінде қалып отыр. Қазіргі таңда елдегі 411 саяси мемлекеттік қызметкердің тек 40-ы ғана нәзік жандылар екен. Жалақы мәселесіне келетін болсақ, ерлер мен әйелдердің жалақы көлемінде 33 пайыздық айырмашылық бар. Естеріңізге сала кетсек, 2016 жылы Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумның гендерлік теңдік көрсеткіші бойынша 144 елдің ішінде 51-ші орында болды. Бірінші орында Исландия болса, одан кейін Йемен [2].

Осыған байланысты шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау саясатының шетелдік тәжірибелерін қарастырайық. Германияда шағын және орта бизнестегі кәсіпорындарды қолдау жүйесі төмендегі негізгі қағидаларға негізделеді:

1. Жеке сектор қызмет ету жағдайларының өзгерісіне қай дәрежеде бейімделе алмай жатса, мемлекет экономикалық процеске сол дәрежеде араласады.

2. Басымдық мемлекеттік қолдауға емес, кәсіпорынның өздігінше жұмыс істеуіне беріледі.

3. Инвестициялық қаржыландырудағы қажеттіліктің аздаған бөлігін, тәртіп бойынша қосымша жеңіл субсидия жабады.

Тұтастай экономика мүддесі тұрғысында орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада нарықтық жағдайлардың табиғи өзгерісін жетуге мемлекеттің құқығы жоқ. Яғни оларға дағдылануға мұршасы жоқ тиімсіз кәсіпорындар мен салалар рыноктан кетуге тиіс. Қабылданып отырған мемлекеттік қолдау шаралары шағын және орта кәсіпорындарының тиімсіздігінен туындап отырған проблемаларды шешуге бағытталады.

Мемлекеттік басқару органдарының жұмыс жүктелімін азайту мақсатында шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі бірқатар функциялар кейбір көпшілік-құқықтық институттарға, дәлірек айтқанда Кредитаншіталық фор Видерауфбау (КФВ) сияқты мамандандырылған банктерге, сондай-ақ жеке бизнестегі өзін-өзі реттейтін ұйымдарға, мысалы колонер мамандары мен сауда-өнеркәсіптік палаталарға берілген.

Германияда шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау инвестициялық белсенділікке ықпалын тигізетін федералдық және өңірлік маңызы бар 300-ден астам бағдарламаларды қамтиды. Ықпал ету шағын және орта бизнеске технологиялар мен тиісті экономикалық ақпарат беру, сондай-ақ экономикалық және техникалық кеңестерді және шағын және орта кәсіпорындар қызметкерлері мен басшыларын оқыту және біліктіліктерін арттыру жөніндегі іс-шараларды мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру түрінде болады.

АҚШ кәсіпкерлікті реттеу мен ынталандырудың белсенді мемлекеттік саясатын жүргізуде. Елде 7 млн астам шағын бизнес кәсіпорындары бар, олар ЖІӨ-нің жартысынан көбін өндіреді, 50 % астам инновацияны өздері басқарып, көптеген жаңа жұмыс орындары санының өсуіне септігін тигізуде. Кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы тікелей қаржылық көмекті ұлғайту және әлемдегі ірі үкіметтік гранттардың қорын қалыптастыру, салық деңгейін төмендету немесе кейбіреулерін жою, мемлекеттен есептесулерді жеңілдету; нормативтік тиімсіз актілердің қамбылауына төтеп беру жүйесін құру, өзін ақтамайтын басқару нормаларының салмағын төмендету, Үкіметтік келісім шарттарды алудың шағын кәсіпорындар үшін ашық және қолжетімді жүйесін қалыптастыру сияқты шаралар кешенін көздейді [3].

Шағын кәсіпкерлікті қолдау саясатын федералдық министерство-шағын бизнес мәселелері жөніндегі әкімшілік (Small Business Administration, SBA) жүргізеді. Ондағы қызметкерлердің негізгі шатты 3 мың адам SBA шағын бизнеске жылына 17 млрд. доллар көлемінде бөлінген көмек қаржыны қадағалап отырады. Мемлекеттік бағдарламаларындағы шағын бизнесті дамыту жұмысы тек индустриялық-экономикалық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік бағытқа да арналған. Негізінде үлкен техникалық және коммерциялық тәуекелдегі инновациялық шағын кәсіпорындарға және бұған байланысты маңызды проблемалардың бірі венчурлық капиталды тарту мәселесін шешуге көп көңіл бөлінеді. Мемлекеттік SBA тұлғасы ретінде кәсіпкерлерге кредит беруші инвестициялық компания кредит несиелеу гаранты болып шығады. Американдық сарапшылардың бағалауы бойынша

бағдарламаға кеткен бюджеттік шығыстар көптеп қайта кіреді екен, қазіргі уақытта ол 65 % венчур-лық қаржыландыруды қамтамасыз етуде.

Шағын және орта кәсіпорындарды белсенді қолдау мен олардың дамуына ықпал ету Қытай үкіметінің маңызды бағыты болып табылады. «Ірі кәсіпорындарды сүйемелдей отырып, шағын кәсіпорындарды қолдау» саясатын ұстана отырып (шағын бизнесті құқықтық және қаржылық қолдай отырып, ірі кәсіпорындардың экономикалық әлеуметін сақтап қалуға бағытталған өнер-кәсіптік саясат мезгілде), ол шағын және орта кәсіпорындарды дамыту жөнінен бірқатар шаралар қабылдады.

Қытай үкіметі шағын және орта кәсіпорындар үшін жалпы жеңілдіктерді қарастырмаған. Жеңілдіктер кәсіпорындар үшін олардың ерекшеліктеріне байланысты жұмыс істейтін ұжымдар үшін пайдалы болуы тұрғысынан дифференциалды түрде белгіленеді [4].

Жалпы өркениетті елдердің қай қайсысын алсақ та өздерінің экономикалық және әлеуметтік мәселелерін шешуде шағын және орта кәсіпкерлікке арқа сүйейді. Себебі, шағын және орта кәсіпкерлік халықтың әл-ауқатын арттырумен қатар, қосымша жұмыс орындарының ашылуына да себебін тигізеді. Кәсіпкерліктің осындай және басқа да экономикалық және әлеуметтік функциялары, оны дамыту мәселесін маңызды мемлекеттік міндеттер қатарына жатқызуға және экономиканы реформалаудың ажырамас бөлігі деп қарастыруға негіз береді. Техникалық прогресс, тұтынушы сұранысын толық қанағаттандыру кәсіпкерліктің тиімділігіне байланысты болады. Кәсіпкерлерді оқытуды, оларға кеңес беруді, бизнес-жобаларды сараптау мен қаржыландыруды жүзеге асыратын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі орталықтардың қуатты жүйесі жұмыс істейді. Сондай-ақ, мұнда шағын кәсіпорындардың экспорттық қызметіне қолдау көрсететін көптеген мемлекеттік және жеке қорлар бар. Шағын бизнесті қаржылық қолдау бюджеттегі бір ғана тармақпен шектелмейді-шағын бизнес экономиканың көптеген салаларының құрамдас бөлігі болып табылады.

Кәсіпкерлікке оқыту, ондағы әйелдер кәсіпкерлігін қолдау қазіргі кезеңде шағын кәсіпкерлікті қолдаудың бірыңғай білім беру және ақпараттық-әдістемелік қолдау жүйесін құруды талап етеді. Ел халқының ауқымды бөлігін әйелдер кәсіпкерлік қызметке оқыту жүйесін одан әрі жетілдіру оларды кейіннен кәсіпкерлердің өңірлік қауымдастықтары, Шағын кәсіпкерлік жөніндегі республикалық ақпараттық-көрме орталығы базасындағы оқу және ақпараттық-талдау орталықтарының желісі арқылы енгізетін және сүйемелдейтін бірыңғай оқыту әдістері мен бағдарламаларын әзірлеуге негізделеді. Бұл шағын кәсіпкерлік саласындағы әйелдердің үлес салмағын арттыруға, сондай ақ қажетті кадрларды даярлауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Литература

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты». 2015 ж. 8 ақпан.
2. URL: <https://kaz.nur.kz>.
3. Ниязбекова Р.К., Рахметов Б.А., Байнешева П. Т. Кәсіпорын экономикасы. Оқу құралы. Алматы, 2015.
4. Есиркепова А. М. Кәсіпкерлік оқу құралы. Қарағанды, 2017.